

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 және "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 269 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

2 "Салықтық емес түсімдер" санатында:

04 "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" сыныбында:

1 "Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" кіші сыныбында:

73 "Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, оның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" сыныбының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"73 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі, оның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" функционалдық тобында:

3 "Сыртқы саяси қызмет" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

4 "Іргелі ғылыми зерттеулер" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

100, 106 және 111 бюджеттік бағдарламалары бар 001 бюджеттік бағдарламасымен 207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

001 Экология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер

100 Экология және табиғи ресурстар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету

106 Республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдардың күрделі шығыстары

111 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің күрделі шығыстары";

249 "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 "Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік

бағдарламасы мен 100 "Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"001 Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, геология, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру

100 Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, геология, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету";

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

5 "Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобында:

1 "Отын және энергетика" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

249 "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 101, 102, 103 және 104 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 089 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"089 Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру

101 Геологиялық ақпаратты қалыптастыру

102 Өңірлік, геологиялық түсіру, іздестіру-бағалау және іздестіру барлау жұмыстары

103 Минералдық-шикізат базасы мен жер қойнауын пайдалану, жерасты сулары және қауіпті геологиялық процестер мониторингі

104 Иесіз мұнай-газ және өзағар гидрогеологиялық ұңғымаларын жою және консервациялау";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

1 "Ауыл шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

2 "Су шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

3 "Орман шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

5 "Қоршаған ортаны қорғау" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

9 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер" функционалдық кіші тобында:

207 "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"207 Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі".

2. "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа

